08.10.2019-ғы № 03-18/4428 шығыс хаты

“ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ” РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ “ДЕПАРТАМЕНТ ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА ПО ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ КОМИТЕТА ВНУТРЕННЕГО ГОСУДАРСТВЕННОГО АУДИТА МИНИСТЕРСТВО ФИНАНСОВ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН”

160002, Шымкент қ., Водопьянов көшесі,14-ғимарат Тел.: 8 (7252)-35-06-06, факс: 35-10-01 ММ код 2170025, СТН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 ОҚО бойынша Қазынашылық Департаменті БСН 000440001616

160002, г.Шымкент, ул.Водопьянова, 14-здания Тел.: 8 (7252) 35-06-06, факс: 35-10-01 Код ГУ 2170025, РНН 582100008585, ИИК KZ 92070101 KSN 0000000 Департамент Казначейства по ЮКО БСН 000440001616

«_____» _____ 2019 жыл **№ _____**

«ASR строй» ЖШС – не

Түркістан облысы бойынша Ішкі мемлекеттік аудит департаменті *(бұдан әрі – Департамент)* тарапынан, Сіздің 20.09.2019 жылғы №55209, 23.09.2019 жылғы 55280 санды өтініштеріңізге сәйкес, Шардара ауданы әкімдігінің "Шардара аудандық экономика және қаржы бөлімі" мемлекеттік мекемесімен *(бұдан әрі – Ұйымдастырушы)* ұйымдастырылған №3561041-1 «Түркістан облысы Шардара қаласын абаттандыру жұмыстары» ашық конкурсының заңдылығына камералдық бақылау жүргізілді.

Камералдық бақылаумен, конкурстық комиссия тарапыпан ҚР ҚМ 11.12.2015 жылғы №648 «Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» бұйрығының *(бұдан әрі - Қағида)* 150 тармағы 1 – тармақшасының талаптары сақталмай, әлеуетті өнім беруші "ТехСтрой-Инженер" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148665-ОК1, 27148529-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "ӨМІРЗАҚ" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148665-ОК1, 27153175-ОК1, 27148529-ОК1, 27148691-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "Құрылыс-сервис-СК" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27153175-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша, әлеуетті өнім беруші "J.C invest group" ЖШС – нің өтінімі конкурстың 27148691-ОК1 лоты бойынша конкурсқа қатысуға негізсіз жіберілгені анықталды.

Нәтижесінде, Ұйымдастырушыға «Камералдық бақылау нәтижелері бойынша анықталған бұзушылықтарды жою туралы» хабарлама жолданды.

Бұдан басқа, ҚР «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 9 бабы 1 тармағы 4 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім берушілерге мемлекеттік сатып алу туралы шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық, еңбек және қаржы ресурстарының болуы тұрғысында біліктілік талаптары қойылады.

Қағиданың 85-1 тармағына сәйкес, *тапсырыс берушіге шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті материалдық және еңбек ресурстары конкурстық құжаттаманың ажырамас бөлігі болып табылатын техникалық ерекшелікте көрсетіледі.*

Конкурстық құжаттамаға 5-1 қосымша болып табылатын, біліктілігі туралы мәліметтердің ескертулерінің 5 тармағына сәйкес, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін ұсыну тек көрсетілуі конкурстық құжаттамада көзделген мәліметтер бойынша міндетті. Егер конкурстық құжаттамада тиісті материалдық және еңбек ресурстарының болуы бөлігіндегі талаптар көзделмеген жағдайда, растайтын құжаттардың электрондық көшірмелері ұсынылмайды.

08.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)

Қағиданың 150 тармағы 1 – тармақшасына сәйкес, әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық және еңбек ресурстарына ие болуы бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес болмау негіздемесі бойынша конкурсқа жіберілмейді.

Камералдық бақылаумен, әлеуетті өнім беруші «ASR строй» ЖШС – гі тарапынан конкурстың 27148665-ОК1, 27153175-ОК1, 27148529-ОК1, 27148691-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша біліктілігі туралы мәліметерінде материалдық және еңбек ресурстары толық көлемде көрсетілмегені, сәйкесінше растаушы құжаттары толық ұсынылмағаны анықталды. Атап айтқанда: растворонасосы 1 м3/ч – 1 дана, машинист автогрейдера – 2 адам, машинист катка – 2 адам, машинист крана – 5 адам т.б.

Осыған сәйкес, әлеуетті өнім беруші «ASR строй» ЖШС өтінімінің конкурстың 27148665-ОК1, 27153175-ОК1, 27148529-ОК1, 27148691-ОК1, 27148714-ОК1 лоттары бойынша конкурсқа қатысудан шеттетілуі – Заң және Қағида талаптарына қайшы келмейді.

ҚР 12.01.2007 жылғы №221 «Жеке және заңды тұлғалардың өтініштерін қарау тәртібі туралы» Заңының 12, 14 баптарына сәйкес, өтініштерді қарау нәтижелерімен келіспеген жағдайда жоғары тұрған органға немесе сотқа жүгінуге құқылы екендігіңізді назарыңызға саламыз.

Департамент басшысының
орынбасары **Т.Тултебаев**

Орынд.:Д.Баймадиев

Келіс.: А.Байкуанышов

☎: 35-06-06

08.10.2019 ЭҚАБЖ МО (7.23.0 нұсқасы)